

Техникалық сипаттама**(ЛОТ № 12)**

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Су моншасы-термостат	<p>Түрі: Циркуляциялы су моншасы</p> <p>Жұмыс ваннасының көлемі: кемінде 11,5 литр</p> <p>Температура диапазоны: қоршаған орта температурасынан +7 °C бастап, +100 °C дейін</p> <p>Температура тұрақтылығы (50 °C): ±0,3 °C-тен нашар емес 70 °C-қа дейін қыздыру уақыты: 36 минуттан аспау керек</p> <p>Басқару түрі: микропроцессорлық PID, автоматты калибрлеуі бар</p> <p>Дисплей: сандық, кемінде 3 температуралық мәнді алдын ала сақтау мүмкіндігімен</p> <p>Таймер: 99 сағат 59 минутқа дейін, қосу/өшіру режимдерімен</p> <p>Ванна материалы: коррозияға тәзімді тот баспайтын болат</p> <p>Жұмыс ваннасының өлшемдері: кемінде 300 × 240 × 200 мм</p> <p>Габариттік өлшемдері: 360 × 300 × 294 мм-ден аспау керек</p> <p>Салмағы: 10 кг-нан аспау керек</p> <p>Электрмен жабдықтау: 230 V, 50/60 Hz, ток күші 4,3 A-дан аспайды</p> <p>Корғаныс жүйелері: артық қызудан, сұйықтықтың төмен деңгейінен, құрғақ жұмыс режимінен, тоқтың шамадан тыс жүктелуінен қорғау</p> <p>Қосымша мүмкіндіктер: сұйықтықты төгуге арналған кран, шашырандыдан коргалған басқару панелі, электр қуаты қалпына келгеннен кейін автоматты қосылу</p>	2
Барлығы			2

Фылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Фылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңес басшысы

А.Айымбетова

Фылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ККС-мен Түркістан қаласына дейінгі (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген. Тауарды жеткізу тауар құнына енгізілі тиіс монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстары, сондай-ақ персоналды оқытумен міндетті түрде жүзеге асырылады.

Әлеуетті жеткізуші Республика Қазақстан аумағында жеткізілетін тауарды пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табигатты қорғау және өзге де нормативтер мен талаптарға толық сәйкес келеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық сараптамалар мен

сынектардан өткен, бұл туралы әлеуетті жеткізушінің тиісті құжаттары бар. Тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Кепілдік мерзімі пайдалануға берілген күннен бастап кемінде 12 айды қурауы тиіс.

Төлем шарттары: алдын ала төлем мөлшері Лоттың жалпы сомасының 100%-на дейін жетуі мүмкін және ол ғылыми жобалар аясында сатып алуды реттейтін университеттің ішкі Ережесінің талаптарына сәйкес сатып алу Комиссиясының шешімімен айқындалады.

Сатып алу комиссиясы әлеуетті жеткізуіден аванстық төлемнің толық сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы. Бұл қамтамасыз ету құжаты келесі нұсқалардың бірінде ұсынылады:

Казақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;

Казақстан Республикасының аумағында тіркелген және сактандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сактандыру ұйымымен жасалған Жеткізушінің азаматтық құқықтық жауапкершілігін сактандыру шарты.

Жеткізу уақыты: тауарды жеткізу шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылуға тиіс.